

Жастар – болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сана
Мудде
Санауын



№5 (53)

30 мамыр, 2014 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

ҰБТ-ға дайынсың ба?

Елімізде мектеп түлектері арасында ұлттық біріңғай тестілеуге қатысу үшін өтініш қабылдау науқаны аяқталып, емтиханды өткізуге қызу дайындық жұмыстары жүргізілуде. Оқушы он бір жылдық білімді бірер сағатта түйіндеп шығады. Ол күнгі көңіл-күй, ол күнгі қобалжу басқа күндерден ерек. Кеше ғана санаңда ойнақтап жүрген жауаптар дәл бүгін тас мидан шығып кеткендей. Биылғы мектеп бітірушілер мен олардың ата-аналары да алдағы мемлекеттік тестілеуді қобалжи күтуде.



3-бет



АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ – ЖҮСІПБЕК

2-бет



2014 жылдың 15-18 мамыр аралығында Павлодарда өткен белгілі қоғам қайраткері, жазушы, драматург Жүсіпбек Аймауытұлының 125 жылдығына арналған бірінші облыстық «Алаштың ардақтысы» атты театрлар фестивалі барысынан хабардар болыңыз.


ТАНЫМАЙМЫН
ДЕСЕҢ...

ҚОНАҚТА ӨНІРІМІЗДІҢ
ӨНЕРПАЗ ЖІГІТІ
АЛМАЗ ХАСЕНОВ



4-бет

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ
МҮГЕДЕК



5-бет

ТЕМЕКІ – АДАМЗАТ
ҚАСІРЕТІ



6-бет

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ ЖҮСІПБЕК

2014 ЖЫЛДЫҢ 15-18 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА ПАВЛОДАРДА БЕЛГІЛІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ЖАЗУШЫ, ДРАМАТУРГ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН БІРІНШІ ОБЛЫСТЫҚ «АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ» АТТЫ ТЕАТРЛАР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ.



Фестивальге Астана, Қарағанды, Өскемен, Семей, Талдықорған мен Павлодардың облыстық театр ұжымдары қатысты. Айтулы шараның құрметті қонағы ретінде әрі театр ұжымдарының өнеріне қазылық ету мақсатымен Қазақстанның Халық әртісі, КСРО Халық әртісі, Қазақстан мен КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Асанәлі Әшімов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Әшірбек Сығай келді. Сондай-ақ, өнер фестивалі төрінен Ж. Аймауытовтың шөбере інісі Төлеген Абраманов та табылды. Ол алаштың ардақты ұлына ерекше көңіл бөліп жатқан ұйымдастырушыларға шексіз алғысын білдірді.

Шара барысында Павлодар облысы Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театры алғаш

Жүсіпбек Аймауытұлының өмірлік ауыр сүрлеуін «Ар алдаспаны – Аймауытов» атты қойылымда шебер сахналады. Шығарма авторы – ҚР Халық әртісі, режиссер-драматург Ерсайын Төлеубай.

Мұнымен қоса, фестиваль барысында Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облысының, «Дариғай» Семей қалалық жастар театрының, Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық театрының, Б. Римова атындағы Алматы облыстық Талдықорған театры, С. Сейфуллин атындағы Қарағанды театры, Абай атындағы Семей театры, А. Чехов атындағы Павлодар облыстық орыс драма театры және семейлік Ф. Достоевский атындағы орыс драма театрының ұжымдары өнер көрсетті.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің

студенттері де өнер мерекесінің көрермені болды. С. Торайғыров атындағы ПМУ Мәшһүртану ғылыми-тәжірбиелік орталықтың ғылыми қызметкері, «Жас ұрпақ» студенттік ғылыми үйірмесінің жетекшісі Нейла Анафинаның жетекшілігімен Металлургия, машинажана және көлік факультетінің студенттері аймақтық театрлардың өнерлерін тамашалады. Аталмыш факультет студенті Ризат Болат: «Бүгінгі жастар театрда рухани қазыналарын молайтуы тиіс. Өйткені, технология дамыған мына заманда біз өзіміздің өткенімізге үңіліп, мәдениетімізді, өнерімізді, тарихымызды, әдебиетімізді танып, оны кейінгі ұрпаққа аманат етуіміз қажет. Себебі, «жаһандану» деген алпауыт араны ашып тұрған мына дәуірде тамырымыздан ажырап қалмағанымыз игі», – деп ойын түйіндеді жас көрермен.

Асанәлі ӘШІМОВ, КСРО және ҚР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор:

– Павлодар жерінің тумалары – Жүсіпбек Аймауытов, Жұмат Шанин, Шөкен Аймановтай тау тұлғалар болмаса, қазақтың ұлттық өнері өркен жаймас еді. Қазақ театрының негізін қалаған арда азаматтардың барлығы осы өңірден шыққанын мақтан етеміз. Ертістің Павлодар өңірі – менің елім! Өнер мен ғылымның Меккесі атанып, ұлы тұлғаларды тудырған қасиетті топырақ – өмір бойғы рухани азығымыз. Бұл өңір – жан-жақты өскен, өркендеген аймақ. Ұлыларды ұлықтау – әрқайсымыздың міндетіміз.

Ерсайын ТӨЛЕУБАЙ, ҚР халық әртісі, режиссер-драматург:

– Театрсүйер қауым халқымыздың біртуар перзенті – Жүсіпбек Аймауытовтың сахналық бейнесімен алғашқы рет қауышты деп ауыз толтырып айта аламын. Бұл спектаклді жазуды екі жыл бұрын қолға алған едім. Жүсіпбек – Алаштың маңдайалды тұлғасы. Аталмыш қойылымда XX ғасыр басындағы алмағайып заманда өмір сүріп, сол бір аласапыран шақтың шындығын ірі суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің болмыс-бітімін барынша ашуға тырыстық. Қоғамның қайшылықты сипаты, сол заманда тәуелсіздігін аңсаған халықтың өмірі көрініс тапты. Сондай-ақ, біртуар тұлғалардың Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Жұмат Шанин, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаевпен табысқан сәттері паш етіледі.

Әшірбек СЫҒАЙ, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, театр сыншысы:

– Бұл фестивальдің өтуі – Павлодар өңірінің ғана емес, тұтас қазақ мәдениетіндегі елеулі оқиға. Оны халқымыздың рухани сұранысын өтейтін құбылыс деп білемін. Қазақ театрларының көркемдік дәрежесі мен шығармашылық сапасын анықтауды көздейміз. Алдымен Алаштың айбозы, қазақтың Жүсіпбегінің өміріне арналған «Ар алдаспаны – Аймауытов» атты спектаклін тамашаладық. Қойылымның павлодарлық театр төрінде сахналануы – заңды дүние. Халқымыздың асылдарын ардақтап, кеңінен танытпасақ, кім танытады? Бұл – фестивальдің ең ұтымды тұсы.

ЕЛ МАҚТАНЫШЫ – «ҚАЗ ҚОНАҚТАҒЫ» СЕНБІЛІК

2014 жылдың 16 мамыр күні С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің белсенді студенттері Ертіс өзенінің оң жағалауындағы мемлекеттік «Қаз қонақ» палеонтологиялық ескерткіші маңын қоқыстан тазарту шарасына қатысты.

Науқанды өткізудің мақсаты – келешек ұрпаққа «Қазқонақ» табиғи ескерткішін сақтап, ескерткіштің маңыздылығына жұртышылық назарын аудару.

Аталмыш шараның негізгі ұйымдастырушысы: Павлодар облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясы Республикалық мемлекеттік мекемесі.

«Қаз қонақ» – Ертіс жағасындағы орналасқан ғажайып орын. Онда көне дәуірде мекен еткен жануарлардың қаңқалары табылған. «Қаз қонақ» жәдігерлердің көпшілігі жағынан әлемдегі 20 палеонтологиялық ескерткіштің қатарына енген. «Қаз қонақ» палеонтологиялық ескерткішінің гиппарион фаунасының бес миллион жылдан астам тарихы бар.

Тазалық науқанына С. Торайғыров атындағы ПМУ Студенттік ректоры Ғабит Хафиз бастаған университет белсенділері мен Агротехнология факультетінің студенттері қатысты. Сонымен қатар, басқа да мемлекеттік мекемелер де қатардан қалмай бірлесе жұмыс атқарды.

Тазалық барысында табиғи ескерткіштің Ертіс өзенінің оң жағалауындағы 5 га аумақ әр түрлі қыстардан тазарылды.

«Гиппарионды фауна ескерткіші қазір күл-қоқыспен ластанып жатыр дегенді жиі еститіміз. Аты жаһанға мәшһүр тарихи мұрамызды сақтап қалуға біз де жастар мүдделіміз. Сондықтан, бүкіл әлем танытын құнды жәдігерлерімізді қорғауға бағытталған тазалық шарасына қатысқанымызды мақтан етеміз», – деп атап өтті С. Торайғыров атындағы ПМУ студенттік ректоры Ғабит Хафиз.

Сонымен, науқан соңында ұйымдастырушылар С. Торайғыров атындағы ПМУ студенттеріне тазалық жұмыстарына белсене атсалысқаны үшін алғыс білдірді.

Өз тілшіміз



ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ

ТАРИХ – ХАЛЫҚТЫҢ АЛТЫН МҰРАСЫ

2014 жылдың 14 мамыр күні С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Алтын мұра» жоғары ғылыми тарихи мектебінің жұмысы басталды.

Аталмыш шара Тарих және құқық факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен жүзеге асты. «Алтын мұра» жоғары ғылыми-тарихи мектебі Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынындағы халық» бағдарламасы бойынша С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің тарихшы студенттерінің бастамасымен қолға алынды.

Айтулы жобаның бастаушысы С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің Ист-302 тобының студенті Расул Килаш. «Алтын мұра» жоғары ғылыми-тарихи мектебінің ғылыми жетекшілері: т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, доцент Қайрат Батталов, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі Асылан Әзербай, т.ғ.к., доцент Молдәкімова Алия.



«Алтын мұра» ЖФТМ алдына отандық тарихымыздың аз зерттелген мәселелерін зерттеу және сараптама жасау, олардың тарих ғылымдарындағы маңызы мен шешімін табуға жол ашуды мақсат етеді. Сондай-ақ жоба тарихи мәліметтердің қолжетімділігі мақсатында инновациялық технологияларды құру, тарих ғылымдарын барынша халыққа жақын ету және Қазақстан халықтарының отансүйгіштік сезімін орнықтыру сынды міндеттерді өзіне жүктейді.

Жоба бастамашысы Расул Килаштың мәлімдеуінше «Алтын мұра» жоғары ғылыми тарихи мектебінің қатысушылары тек тарихшылар болуы шарт екен. Расул өз сөзінде: «Жалпы «Алтын мұра» мектебі қатысушысының ең басты қағидасы – мектеп идеясы мен ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін қолдан келген, келмеген қадамдарға барып, әділ эксперт болу», – деп қада айтты.



ҰБТ-ҒА ДАЙЫНСЫҢ БА?

БАСПАСӨЗ
ИІРІМІНЕН

Елімізде мектеп түлектері арасында ұлт-
тық біріңғай тестілеуге қатысу үшін
өтініш қабылдау науқаны аяқталып, ем-
тиханды өткізуге қызу дайындық жұ-
мыстары жүргізілуде. Биылғы жылғы қалып-
тастырылған «Бітіруші» деректер базасының
нәтижесі бойынша, ҰБТ-ға қатысуға 92077 мек-
теп бітіруші тілек білдіргі, ол мектеп түлек-
терінің жалпы санының 72 пайызын құрап отыр.



Бүгінгі қоғамның мазасын қашыратын мәселенің бірі – ҰБТ. Оқушы он бір жылдық білімді бірер сағатта түйіндеп шығады. Ол күнгі көңіл-күй, ол күнгі қобалжу басқа күндерден ерек. Кеше ғана санада ойнақтап жүрген жауаптар дәл бүгін тас мидан шығып кеткендей. Биылғы мектеп бітірушілер мен ата-аналары да алдағы мемлекеттік тестілеуді қобалжи күтуде.

Жыл сайын Қазақстанда жалпы білім беретін мектептердің түлектері Бірыңғай ұлттық тестілеуден өтеді. ҰБТ толығымен бітіру және түсу емтихандарын алмастырады. ҰБТ нәтижелері бойынша 2013 жылы түлектердің саны 95 456 құрады, ал республика бойынша орташа балл 3,6-ға ұлғайды. ҰБТ нәтижелерін орта білім ұйымдары мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелері ретінде танылса, ЖОО және колледждер-

де қабылдау емтихандарының нәтижелері ретінде танылады. ҰБТ түлектері алған балл санына түлектің жоғары оқу орнына түсуі байланысты болады. ҰБТ-ға қатысуға тілек білдірген оқушылар мен ата-аналарға арнайы жадынамалар берілді. ҰБТ-ны ұйымдастыру, өткізу бойынша негізгі кезеңдер мен мерзімдері туралы және білім беру гранттарын тағайындау байқауы туралы қысқаша ақпараттар тізілген. 2014 жылғы ҰБТ 1-15 маусым күндері 154 пунктте 63603 түлектер қазақ тілінде, 28474 бітірушілер орыс тілінде тестілеуден өтеді.

ҰБТ психозы

ҰБТ мектеп оқушылары мен ата-аналар үшін тағдырың тест жауаптарына байланған күн. Соңғы жылдары ата-ана, баламен қоса мұғалімдер мен мектеп директорлары, тіпті облыс білім департаменттерінің бас-

шылығының жанын шүберекке түйіп жүрер күні. Мемлекеттік бақылау нәтижесі бойынша қай мұғалімнің, қай мектептің, тіпті кейін қай өңірдің оқушылары жоғары немесе төмен деңгейді көрсетті деп салыстыра бастайтыны тағы мәлім. Бір жағынан жақсы, бәсекелестік туады. Екіншіден қалайда оқуға түсем, қалайда жоғары көрсеткішке жетемін деп қай-қайсысы болса да құйтырқы әрекетке барып жататынын әр жердің хабарынан құлағымыз шалып жатады. Бәріне топырақ шашуға ниетіміз жоқ. Заманауи заман шындығы осы. Шын мәнінде адамдарды

«психоз» дәрежесіне жеткізетін не? Бірде бір тәжірибелі ұстаз «қазіргі балалардың тестке бейімдеп алғанымыз соншалық, терең ойланғысы келмегеннен «қандай нұсқаңыз бар» дейді өзіме», – ашына айтқан еді. Расында ойлануды қажет етпейтін, ойындағысын жіте түсіндіре алмайтын ұрпақты тәрбиелеп жатқанымыз кез келгенімізді мазалайтыны хақ.

Ұлттық біріңғай тестілеуден өтуші назарынан маман кеңесін ұсынамыз. Қобалжуларыңыз бен қорқыныштарыңызды жеңіп, жоғары балды иемденуіңізге шын ниеттен тілектеспіз. Сәттілік!

Психология ғылымдарының кандидаты, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Психология және педагогика кафедрасының доценті О.А.Колюх

ҰБТ алдындағы қорқыныштан арылу – жеңіс



Бүгінгі таңда оқушыларды ҰБТ-ны тапсыруы үшін міндетті түрде психологиялық тұрғыдан дайындау қажет. Бұл кеңестер емтихан кезінде баланың пайдасына жарап жатады. Кеңестер тестке дайындықтың сапасын арттырып қана қоймай, тест тапсыру барысында өзін-өзі ұстауға, ойлау қабілетінің өсуіне, шешім қабылдайтын сәтте өз-өзін ұстау, эмоцияларын қадағалауға септігін тигізеді хақ. Жалпы ҰБТ-ны тапсыру шарасы жинақылықты, зейінділікті, ұқыптылықты талап етеді.

Оқушы емтихан алдындағы толқуды басу үшін не істеуі қажет?

Егер бала емтихан алдында сынақтың сәтсіз болатыны жайында жиі айтар болса, сіз жамандықты шақыратын ойдан аулақ болуға кеңес беріңіз. Әрине, ол қиын болары сөзсіз. Ертенгі оңай да сәтті сұрақтар мен жауаптар жайында сөз қозғаңыз. Табысты емтихан сәттерін оның өзі де көз алдына елестетуі артық болмайды. Сенімді оқушының қорқынышы басылып, ойы айқын, жауаптары да нақтылана бастайды.

Егер оқушы түлектің толқуы басылмаса, «мағынасыздыққа дейін жеткізу» амалын қолдануды ұсыныңыз. Оның басты мақсаты – бір-бірін барынша қорқыту. Бұл тәсіл сіздерді шын мәнінде ешнәрседен қорқудың керекі жоқ екенін түсіндіреді. Егер де жоғары сыныптағы баланың емтихан алдындағы уайымсыз халы сізді таңқалдырса, бұл да жақсылықтың нышаны емес екенін білу керек. Емтихан кезіндегі аз да болса толқудың жоқтығы дұрыс жауап беруге өз кедергісін тигізіп жататыны рас.

Егер оқушы емтихан қабылдаушының өзінің қас дұшпаны ретінде қабылдағаны жақсылыққа апармайтынын біліңіз. Мұғалімдер де кезінде емтихан тапсырған, емтихан алдындағы толқулар оларға таңсық құбылыс емес екенін айтқаныңыз абзал. Емтихан қабылдаушы ажары тұнжыраған, көңілсіз болғанымен шындығында қатал да әділ баға берушінің кейпін танытып жүргенін ұмытпаңыз.

Емтихан материалдарын қалай оқығаныңыз жайын еске түсіріңіз. Дайындық кезінде материалды қандай қызықты жолдармен игергеніңіз туралы тағы бір еске алыңыз. Ал, оқытушылар осындай қызықты әдістемелер мен өзінің қызықты емтиханға дайындалу сәттері мен тәжірибесімен бөліскені артық болмайды. Мүмкін, бұл кеңестерді оқушылар пайдасына жарата жатар.

Дайындық барысына тірек болатын конспектілерді қолдан-

ғаныңыз жөн. Бұл конспектіде сізге керек материал табылары сөзсіз. Мұғалімдер оқушылардың конспект жазу кезінде шартты белгілер жүйесін ұйымдастыруға уақыт аямаса құба-құп болар. Өйткені жоғары сыныптың оқушысы қарапайым да қызықты әдістер арқылы материалды жақсы игереді.

Өзін бос ұстау ішкі толғаныстарды әлсіретеді, зейін мен еске сақтау қабілетін арттырады. Өз-өзін бос ұстау үшін тыныс жаттығулары мен аутогендік машықтану қажет. Бұл жаттығуларды ұстаздар меңгеріп алғаны оларға артық етпейді.

Ырғақты (ритмичное) төрт фазалық тыныс алу. Бұл жаттығуды жасау үшін ыңғайлы әрі тік отырып, қолдарыңызды бос тізеңізге қойыңыз. Бірінші фаза (4-6 секунд). Демді мұрын арқылы терең ішке тарту. Қолдарыңызды баяу алақанымен алға кеудеңізге дейін жоғары көтеріңіз. Бар көңіліңізді алақаныңыз ортасына салыңыз және бар жылуыңызды шоғарландырыңыз. Екінші фаза (2-3 секунд). Тыныс алудағы іркіліс. Үшінші фаза (4-6 секунд). Ауыз арқылы күшті әрі терең дем шығару. Дем шығару кезінде көз алдыңызға ауда тік толқындарды қолыңыз арқылы жасаңыз (емтихан барысында қолыңызды сермемей елестеу арқылы жасағаныңыз дұрыс). Төртінші фаза (2-3 секунд). Тыныс алудағы іркіліс. Осылайша 2-3 минут тыныс алыңыз.

Аутогендік жаттығу (3-5 минут).

Ыңғайлы отырып, көзіңізді жұмыңыз. Арқаңызды тік ұстап, қолыңызды тізеңізде ұстаңыз. «Менде бәрі жақсы» формуласына назар аударыңыз. Санаңыздағы ойларды қуумен айналыспаңыз, онда ол үшін де артық күш жұмсайтын боласыз. Бойдағы күш те көк аспандағы бұлттар сынды баяу қозғалғаны абзал. «Оң қолым ауыр» деп 5-6 рет қайталап, «менде бәрі жақсы» деген сөзді тағы бір қайталаңыз. Содан кейін «сол қолым ауыр» деп, «Менде бәрі жақсы. Мен жиналдым. Емтиханды сәтті тапсыратыныма сенімдімін!» деген сөздерді айтып, өзіңізді сендіріңіз. Денеңізді бастапқы қалыпына түсіру мақсатында жұдырық түйіп көзіңізді ашып, терең тыныс алып, тыныс шығарыңыз.

PS. ҰБТ 2004 жылы мемлекет білім жүйесіне алғаш енгізілген. 10 жыл ішінде 1,3 млн. адам немесе жалпы білім беру мектеп бітірушілер санының 80 пайызы қатысқан. Олардың 15 пайызы төменгі межеге жетпеген. 2012 жылы орташа 70,9 балл болса 2013 жылы 74,5 балды құраған болатын. 2014 жылғы көрсеткіш қандай болар екен? Оны білу алдағы күндер еншісінде.

Ал біз биылғы мектеп бітірушілеріне алдағы емтихандардан сүрінбей, қалаған балдарын жинауына шын жүректен тілектеспіз. Көрсеткіштеріңіз жоғары болсын!

Жанар ЕЛЕШОВА

Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ,
академик:

«Оқуға түсем» деп мүлде дайындалған жоқпын. Сабақты уақытында оқысаң болды емес пе? Мектеп бітірген соң, бірден Мәскеуге бардым. «Бізде әділдік болады» дегенге сенбедім. Мұнда тамыртаныс болмады. «Құласаң нардан құла» деп, ММУ-ге барып құжат тапсырдым. Математикадан – «5», орыс тілінен «2» алдым. Қас қылғанда, Лев Толстойдың шығармашылығынан мазмұндама жаздырды. Толстойда құрмалас сөйлемдер көп. Беталды үтір, дефис қоя беріппін. Апелляцияға беріп жүріп, «3»-ке әрең қол жеткіздім. Сөйтіп, оқуға түсіп кеттім. 4 рет Одақтық олимпиадаға қатысып, жүлде алғам. Соным ескерілді. Студент кезімде Лениндік шәкіртақының иегері болдым.

Толқын СЕЙДОЛЛАҚЫЗЫ,
журналист, «Еларна»
телеарнасының продюсері:

Мен мектепті 1992 жылы бітірдім. Ол кезде ҰБТ деген жоқ. Белгілі бір пәндер бойынша жазбаша сұраққа жауап береміз. Сосын журналистикаға тапсыру үшін шығармашылық емтихан да тапсырдық. Ол кезде оқуға түсуге қанша жерден дайындалсаң да, «бармақ басты, көз қысты» жағдайлар жиі орын алатын. Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі ҰБТ-ны қолдаймын. ҰБТ баланың өзін көрсетуге мүмкіншілік береді. Болашаққа сеніммен барады. Ал біздің замандастарымыз жылдар бойы оқуға түсе алмай, сабылып жүретін.

Алуа МАНСУРОВА, 2007
жылы ҰБТ-дан 120 балл
алған талапкер:

Оқуға түсу үшін 10-сыныптан бастап, 1998 жылдан 2007 жылға дейінгі 4 пәннің тест сұрақтарының барлығын жаттадым десем қателеспеймін. Биология, математика пәндерінен арнайы маман дәрісін алдым. Өзім Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Тұрар Рысқұлов ауылындағы М.Ломоносов атындағы көпсалалы мектеп-гимназияның түлегімін. Оқушы кезде ҰБТ-дан 120 балл алуды армандайтынмын. Бірақ ондай межеге жетемін деп ойламаппын. Бабыммен қоса, бағым да жанған болар, 2007 жылы республика бойынша оқуға тапсырған талапкерлер арасынан 120 балл жинаған 2 адамның бірі мен болдым. Берілген 3 сағатқа жуық уақыттың 20 минутында қазақ тілі, Қазақстан тарихы, биология пәндерінің жауабын таптым. Есеп шығаруға да аса көп уақытым кеткен жоқ. ҰБТ тапсырғанда, жауап ұяшықтарын бояу маңызды, берілген уақыттың ең көбін соған сарп еттім. Жауапты біліп тұрсаң, тест белгілеуге арналған уақыт қалай болса солай жететініне өз тәжірибемнен көзім жетті.

Қазіргі кезде С. Асфендияров атындағы медициналық университетінде оқып жатырмын. Ай сайын президенттік шәкіртақы аламын.

(«Ұлан», №15)

ТАНЫМАЙМЫН ДЕСЕҢ

Найманнан қыз алмаймын



«Найманнан қыз алмаймын» дейді... Найманның қызы Алмаз сияқты сұр бойдаққа шығамын десе бір сәрі, бірақ отызға келіп оң жақта отырған Алмаздың қыз таңдап паңданатын дәурені өшіп, заманы өтті емес пе!

Алмаз Хасенов аузынан суы құрып әзілді әрлесе де, «Ақ көңілді ақ арманым» деп ән салса да, сып-сып еткен сылқым сұлуларды сомдаса да, алты алашты асабалығымен қайран қалдырса да, өз басым Алмазға қатысты қос ақиқатқа аң-таң болам. Біріншісі – үш ұлдан кейін несіне қыз болып тумағанына. Екінші – эколог мамандығын не үшін таңдағанына. Негізі күлімкөз жігіттің көк көздеріне үңілсең, Гүлназ болып келе жатып, Алмазға айналып кеткен бе деп қаласың. Ал енді сұлулардың рөліне енгенде, кез келген еркекті есінен таңдыратындай-ақ. «Тәп-тәуір табиғат қорғаушысы» – деген атағы дипломында мөр болып басылса да, бұның қу басы той жаққа қутындап кете барды. Жай асаба емес, облыстағы қып-қымбат асабалардың бірі. Қызметіне беташар, тойбастар, қыздар, «Ақ көңілді ақ арманым», әке туралы әзіл, үйлену және жасыл костюм кіреді. Кей кездерде тұсау да кеседі (өзі үш жасында жүргеніне қарамай). Бұл жабдықтырсыз Алмаз мырза той өткізе алмайды (дейді Оңғар)... Алмаз туралы қасындағы досы Алтынбек те ақпарат берді. Назар аударыңыздар!!!

Туған жылы: 86 немесе 1986.

Лақап аты: Зеленоглазый в зеленом костюме.

Сүйікті ісі: айнаға қарап, өз-өзіне сүйсіну.

Сүйікті мезгілі: түн.

Ұнататын кітабы: «Бір көргеннен ғашық болдым».

Ұнамсыз қылығы: әр тойдан қыз іздеуі.

Ұнамды қасиеті: нәзіктігі.

Ұтымды тұсы: әкесіне ұқсағаны.

Қорытынды: «Бір найманның қызынан жаңылдым», – деді бір көргенімде. Жаңылса да, жеңілсе де, әйтеуір басқа бір найманға үйленіп, жұмақтан жер алса дейміз, бұдан басқа бақыттың болуы мүмкін бе!

ОЙТАМЫЗЫҚ

ЕЛБАСЫ ЖАСТАРҒА СЕНЕДІ



«Сендер болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер. Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда», – деді Елбасы 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында баршаның назарын жастарға қадап, еліміздің еңселі ері бұл сөздерін бір рет айтқан жоқ. Бірақ жастардың бүгінгі ахуалы ақ үмітті ақтарлық емес, керісінше күдік күптерлік. Олай деуге негіз көп, дәлел мен дәйек те дәрменсіз емес. Ендеше Елбасы сенген ел тіректің тірлігі неге көңіл күңіренерлік, Қазақстандай қазыналы қырдың қара көздері неге баспана жалдаумен жүр? Жалғызбасты жалданып жүрсен жеңілік қой, ал жанұямен жыларман жағдайда жүріп, бала бесігін әр босағаға тасып, шарасыздықтан шыр айналып жүргенде, үміт ақтамақ түгілі, есіміңді естіместей естен таңатын тірлікке де түсіп кететініміз бар. Бұл әсіресе әр қазақтың жас отбасыларына тиесілі тірлік. Оны ешкім жоққа шығармайды, бірақ бастырмалатып айтуды да абзал көрмейді. Жалған намыс пен керексіз көзбояушылыққа көнеді де жүреді. Жай жүрмейді. Шарасыздыққа шыдауға талпынады. Бірақ темір емес қой әу бастан, ет пен сүйектен жаралған. Еттің езіліп, сүйектің де сынатын сәті туады да. Ажырасу, қылмыс, өз-өзіне қол жұмсау осынау амалсыздықтан асқынатын адами рефлексстер ғой. Өттең, біз бұндай себептердің береніне бойламаймыз. Мемлекеттің мүсепірі өкіліндей болмайық деп, өздігімізше демігіп жүре береміз, дем беретін демеушілер болмағасын демалғысы келмей кететіндер де бар ғой, ондайлар орды озық, көрді тыныш көріп, сол тыныш таңдауларын жасаған жастар қаншама. Құсалыққа айналған адам құндылығына құрмет қалмаған соң, солай болуы қалыпты да шығар.

Жалпы, мемлекет өз кезегінде жас отбасылардың жағдайын жақсартуды көздегендей болады да тұрады. Шенеуніктеріміз сөзге шебер ғой шынында. Бос былапыт, жалпыға көрсеткен жалған жанашырлық солардың сүйенерлік амалдары. Оны көзбояушылық немесе «пиар» дейді. Жанашырлық емес – жарнама жасау.

Онымен қоймай, демография мәселесін қозғайды. Барына ие бола алмайтын мемлекет, одан көбін несіне аңсайды екен, баланың туылуына тосқауыл емеспіз ғой, бірақ балабақшадан орын таба алмай, бір баланы дұрыс баға алмай дал болып жүргеніміз шын ғой бұл күні. Тұңғышыңа төленетін қырық мың мен бір жыл көлемінде алатын ай сайынғы алты мың теңге кімге жетсін, одан кейінгі екі жыл не еріңе қарап отырадың, не бала бағарыңды, не амалсыз жұмысқа шығарыңды білмей быт-шытың шығады. Бала болғасын, бір кездерде ауыратыны бар, ол жайың басшылығыңа жақпайтыны белгілі, оныңнан да бас тартуыңа тура келеді көп кезде. Менің бір ғана түсінбейтінім – тірлігін істейін деген тірі адамға билік тізгінін ұстағандар неге мұрсат бермейді? Онсыз да қарапайым халықтың қара терінен түскен қаржыны жымқырып та, жытырып та жатыр ғой, бір сәт адами құндылық, кісілік қатынас деген деңгейі биік ұғыммен неге бетпе-бет келмейді.

Жолдауында ғана емес, жай күндері де жастар жағын ойлаңдар деген Елбасының өтініш сөзін еріккеннің ермегіне айналдырғандары ма? Елбасы бізге сенеді, ал біз ше...

Бетті дайындаған Эльмира АБЕТЖАНОВА

АУЫЛ КЕШІ КӨҢІЛДІ

ҚЫЗЫЛҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗЫК КЕШІНДЕ

Ешкімге есесін еселетпеген ерлері, қазақтың кенде қалмаған қыздары, кемелділіктің кебін киген келіндері, алаштың айбынын асырған ағалары бар деп Қызылқоғам ауылы туралы айтуға әбден болады. Технологияға табынып, роботтарша өмір сүрген өнегесіз өмірдің бұл ауылға еш қатысы жоқ. Қатарымнан қалмаймын деп, қанша құндылығынан қалыс қалған қазақтың бүгінгі күні тауы шағылған. Қуанышқа орай, Қызылқоғамда бәрі басқаша. Қазақилық дейсің бе, оны іздесең, осы ауылға кел! Ұйымшылдықты айтасың ба, оның да керуені бұл ауылдан ұзамаған. Сыйластықты қайдан табамын дедің бе – Қызылқоғамнан кездестіресің. Ізеттілік іздедің бе, оған да Қызылқоғамда ілігерсің. Қарапайымдылық қайда деймісің – ол да осында! Көпшілдікті көргің келе ме, ол да бар ғой бұл жерде. Мәдениеттің мәуелі мекенін де осы жақтан жолықтырасың. Әр өнер қайда десең де, осы өңірде өріліп тұр.

Ерке Ертістің бойынан ойып тұрып орын тепкен Қызылқоғам ауылы туралы талай жыр жазылып, сансыз дастан айтылды. Сауықтың сайранын салып, думанның дауылпазын дабырлатқан қауымға қайран қалмаққа, қызықпасқа шараң жоқ!

Биылғы мамыр мерекелерін де ауыл тұрғындары ыстық ықыласпен қарсы алды. Мерекелік кеш С.Сатыбалдин атындағы мектеп оқушыларының қойылымынан бастау алып, ән мен күй, шығыс билерімен жалғасын тапты.

7 мамыр Отан қорғаушылар күнінде, біздер бұл ауылдың қолдаушылары көп екеніне куә болдық. Туған топырақтарына тағзым ете келген түлектерде есеп болмады. Ауыл клубында ине шаншар жер де қалмады. Келген әркім өз әніне салып, ауылға деген сағыныш саздарын сарнайлатты. Маратхан Мүлікбаев пен Берік Құнафин бастаған ауыл тумаларының белділері де, шенділері де «бұрынғыдай» ән салды, би биледі, барынша көңіл көтерді. Ал 1996 мен 2000 жылғы мектеп түлектері жұмыла жиналып, ауыл клубына арнайы әкелген ноутбукты сыйға тартты. Сондай-ақ, Нұрлан Әбетжанов бастаған жігіттер тобы «сый көдеге» Аспанбек Шұғатаев пен Оңғар Қабденнің айтысын, актер Алмаз Хасеновтің әзілдерін, ақын әрі рәппер Алтынбек Мұқышевтың рәп әндерін жерлестеріне тарту етті.

Мәдениет ордасының бір қанатында қазыналы кітапхана да бар. Рухани байлыққа толыспаққа топырлаған оқырмандар ол жерден керекті алып, іздегенін табады. Аядай ауыл деменіс-руханият атты бар ұғым. Мызғыған мекен демессіз – мәдениеті мәнді қашан да.



Аспанбек Шұғатаев пен Оңғар Қабден



Маратхан Мүлікбаев пен Берік Құнафин

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ МҮГЕДЕК

2005 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МҮГЕДЕКТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ. ОНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ КӨМЕКТЕН БАСҚА, БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ МҮГЕДЕК ҚАРТТАРДЫҢ САНАТОРИЯЛЫҚ-КУРОРТТЫҚ ЕМДЕЛУІНЕ, МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА ЖҮРГІЗІЛУІНЕ, ЖЕКЕ ОҢАЛТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА, ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛУІНЕ, МҰҚТАЖ АДАМДАРДЫ ҚАЖЕТТІ ГИГИЕНАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖӘНЕ ЖЕКЕ КӨМЕКШІЛЕР БЕРУГЕ КӨНІЛ БӨЛІНЕДІ. БІРАҚ ТА БАЛАЛАРЫНА МАСЫА БОЛЫП КӨРІНЕТІН МҮГЕДЕК ҚАРТТАР ҚАЙТІП КҮНЕЛТУ КЕРЕК ДЕГЕН САУАЛ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІ АЛАҢДАТУЫ КЕРЕК ШЫҒАР...

Анна Сағындықова (аты өзгертілді) 2 топтағы мүгедек әкесінің мұңын айтып, Павлодар облысы әкімінің электронды қабылдауына хат жолдады. Аннаның ресми түрде ажырасқан ата-анасы бүгінде уақытша бірге тұрып жатыр. Мүгедектен барлық туыс-туғандары бас тартқан. Барар жер, басар тауы, бір басына пана болар баспанасы да жоқ. Баспанадан тарылған қос қызының да кешкен күйлері мәз емес. Анна әкесінің арқысын өздері тұрып жатқан Железин аудандық әкімшілігіне де ақтарыпты. Бірақ жергілікті мекеме сот арқылы мүгедек әкелерінен бас тартып, мүгедектер үйіне жөнелтуге кеңес берумен ғана шектелсе керек. Мүгедек болса да, әкесі ғой, сондықтан Анна мен оның әпкесі әкелерінен бас тартпай-

мыз, тек мүмкіндігіміз шектеулі деп шырылдайды. Дегенмен, өз әлеуметтік жағдайларымен санаса келе, асқар тауларының мүгедектер үйіне орналастырылуын жөн санайды. Бірақ біздің мемлекетіміздің мүгедектерге құрылған заңы бұл қыздардың аталмыш өтінішін қанағаттандыра алмады.

Біріншіден, заң бойынша баласының ата-анасынан сот арқылы бас тартуы ата-ананың бірден арнайы интернатқа орналастырылуына негіз емес. Екіншіден, апалы-сіңлілі азаматшалар мүгедек емес, онко-псих дертіне шалдықпаған және еңбекке жарамды жандар. Қазақстан Республикасы 145 Кодексінің 1 бабы, «Неке және отбасы» туралы заңына сәйкес, кемелеттік жасқа толған, еңбекке жарамды

балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына көмек көрсетіп, қол ұшын беруге міндетті. Сондай-ақ, осы заңның 2 тармағында, еңбекке жарамсыз ата-анасына көмек көрсетуден бас тартқан кемелеттік жастағы балаларынан мүгедек немесе еңбекке жарамсыз ата-анасы сот арқылы жәрдемақы (алимент) талап ете алады.

Павлодар облысында мүгедектер мен қарттарға арналған жалпы типтегі төрт стационарлық медико-әлеуметтік мекеме мен облыстық психоневрологиялық медико-әлеуметтік мекеме жұмыс жасайды. Арнайы мекемелер ҚР 2011 жылғы 28 қазандағы бекітілген бұйрығына сай, арнайы стационарлық мекемелерге Қазақстан Республикасы аймағында жақын туғандары мен ең-



бекке жарамды балалары (ері немесе әйелі) жоқ мүгедектер мен қарт адамдар қабылданады. Аталмыш заңға сүйене келе, әкімшілікке әлеуметтік әлекке түскен әкесінің ахуалын айтқан Аннаның да өтініші сот арқылы да оң шешімін таппайды.

Қазақстан Республикасының «мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңында «Мүгедек» – ол ағза функцияларының бұзылуы

салдарынан олардың өмір сүру мүмкіндіктерін шектеуге әкеп тірейтін түрлі жарақаттар, аурулар, кемістердің салдарынан денсаулығы нашар тұлға делінген. Ендеше онсыз да жалғаннан жарақат алған жандардың жүрегін жаралаудың қажеті қанша, мүгедектер мен қарттар үйіне тапсырайық дегені – баласының әкесінен бас тартқаны емей немене...

Эльмира АБЕТЖАНОВА

КӘСІП – НӘСІП

Мамандықтың төресін тұғырдан түсірмейік!



Адамзат баласының адам болып қалыптасуына алдымен ата-анасы себепкер десек, одан кейін білім мен қатар тәлімін аямайтын ұстаздар қауымының рөлі зор. Ақын да, ғалым да, депутат та бәрі-бәрі мұғалім деген ардақты атты арқалаған жанның алдынан өтеді. Олар жөн сілтеп, сара жолға бағыттайды. Талай оқушының өмірден өз орнын табуына ықпал етті. Соның арқасында еліне елеулі азамат атанды. Ал бүгінгі жас ұстаз алдыңғы буын әріптестері сынды оқушыларға үлгі болып, өнеге көрсете алып жүр ме?

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Мұндай жайтты болдырмас үшін мектептегі білім мен тәрбие жоғары деңгейде болу шарт» деген еді. Бұл ретте Нұрсұлтан Әбішұлы елдің мерейін асыратын ұрпақ тәрбиелеу ұстаздардың қолында екенін қадап айтты, оларға артылар жүктің де салмақты екеніне назар аударды. Осы мақсатта педагог мамандардың біліктілігін арттыру үшін мемлекет тарапынан түрлі оқу курстары мен семинарлар ұйымдастырылуда. Осы салада жоғары білім алу үшін қойылатын талаптар да қатал емес. Алайда, қарастырылған мүмкіндіктерді теріс пайдаланып жүрген қатарластарымыздың бары көңілге қаяу түсіреді. Санасында «шәкірт тәрбиелеймін, ұлы мамандық иесі атанамын» деген емес, «қайткен күнде тегін білім аламын» деген ойы бар жастардың саны артып барады. Бәлкім, бұл үшін оларды жазғырып, жерден алып, жерге салудың да қажеті шамалы шығар. Нарық заманының талабы сондай. Ақша билеген мына заманда ел мүддесі емес, жеке мүдде алдыңғы қатардан ойып тұрып орын алды. Нәтижесінде, толар-толмас білімі бар азаматтар оқушыларға тәлім үйретіп келеді. Осыдан кейін «шәкірт

алып жатқан білім қаншалықты сапалы?» деген ой туындайды.

Иә, ұлт болашағына, елдің ертеңіне сүбелі үлес қосып бар өмірі мен тіршілігіне қажет білім нәріні шәкірт жүрегіне құйған ұстазды батылға теңеу әрине лайықты ұғым. Бүгінгі таңдағы қай жағынан болсын тек біліммен алға басып, елдің керегесін кеңейту келешегімізді бүтіндей алатынымыздың кепілі екендігі айқындалды. Осы жолда ұстаздарымыздың біліктілігі мен шеберлігі келелі үлес атқаратыны айтпаса да түсінікті. «Білім мен тәрбие егіз» дегендей, бар өмірін баланың ой-қиялын кемелдендіріп болашағына бағыт беруге, дарындылығын оятып, көңіліне қанат бітіруге жұмсаған ұстазды ешкім де ұмыта қоймас. Мұғалім мәртебесін көтеру, қоғамдағы рөлін арттыру қазіргі таңда үлкен әрі күрделі талқыланып жатқан мәселелердің бірі. Ұстаз бақыты өзі мәпелеп ұшырған балапан шәкіртінің биіктерді бағындырып, Отаны үшін лайықты қызмет атқарғаны десек қателеспеспіз.

Ұстаздан дәріс алмаған адам қазір жер бетінде жоқ десе де болар. Бұл мамандық содан да киелі. Жан-Жак Руссоның «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, басқаның бақытын аялау» деген нақыл сөзі жаныма өте жақын.

Ұстаз білгенін үйретуші ғана емес, тұлға бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді

барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Шәкірті өзінен озған ұстаз – еңбегі ақталған ұстаз. Өйткені, өмірдің заңы даму, ілгерілеу, озу. Өзінен озған шәкірт тәрбиелейтін шебер ұстаз үздіксіз ізденісте болып, қоғам сұранысына сай білімді, шығармашыл, өзін-өзі дамытып, жетілдіре алатын болуы қажет. Ұстаздықты қалаған әркім өз жүрегінің қалауымен таңдайды. Маман ұстаздың негізгі ұстанымы: баланы тұлға деп тану, оның пікірімен санасу, оқушының кішкентай қуанышын, табысын бағалай білу. Ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу – ұлы міндет. Ол міндетті атқарушы – ұстаз.

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шығады. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деп еді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов. Бүгінде елімізді көштен қалдырмайтын ұрпақ тәрбиелеу мәселесі ақсап жатыр. Алысқа бармай-ақ, қарапайым мысал келтірелік. ҚР Білім және ғылым министрлігі педагогтардың шеберлігін арттыру мақсатында үш деңгейлік оқу курстарын енгізіп еді. Оны тәмамдап, қолына сертификат алған ұстаздың

біліктілігі артпақ. Оған қоса, жалақысына үстемеақы да қосылады. Қарап тұрсаңыз, мұғалімге жасалған жақсы жағдай. Бірақ, сол үш айлық оқуды оқып, сыннан сүрініп жатқан мамандар бар. Бұдан соң, «оқушыларға білім үйретуге ұстаздардың қауқары жеткілікті ме?» деген сауал қылаң береді. Егер өзі тиісті талаптарды орындай алмаса, шәкіртіне қандай талап қоймақ, оған қайтіп үлгі болады?

Мемлекет тарапынан жасалған тағы бір мүмкіндік – «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы өз-өзін ақтап жатыр ма, деген ойдың да кесе-көлденең шығатыны жасырын емес. Көңіліміздің бұлайша күпті болуына себеп бар. Ол – мемлекет қаражатына жоғары білім алған жастардың «ауылға бармаймын» деп азар да безер болуы. Ал барған күннің өзінде тиісті қызметін атқарады да табанын жалтыратады. Осылайша, өз пайдасын ғана басты мақсат етіп, мұғалімдікке баратын жастарға айтар өкпе-назымыз бар. Әрине, осылай деп жар салып, барлық ұстаздар қауымына топырақ шашудан аулақпыз. Десе де, мамандық таңдар сәтте әр талапкер ел мүддесін де естен шығармағаны абзал.

Назгүл РАБИЛОВА

ТЕМЕКІ ЖАРНАМАСЫ

Жарнама мамандарының пікірінше, 30-50 жылдан астам уақыт аралығында түсірген фильмдердегі темекінің жарнамалауынан күні бүгінге дейін шылым өндірісі пайдаға кенеліп жатқан көрінеді. ДДСҰ мамандары жаһандағы барлық мемлекеттерге темекінің заң жүзінде жарнамалауға қатаң тыйым салуға ұсыныс білдіруде. Халықаралық ұйым өкілдері жасаған зерттеулері балалар темекі тартуды неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым никотиннен бас тарту қиынға түсетінін дәлелдеген. ДДСҰ мамандары дүние жүзі адамдарының небары 5 пайызы ғана шылымды әспеттейтін жарнамалық дүниелерден аулақ екендігін айтады. Ал қалған 95 пайыз бөлігі шылым өнімдерін үгіттейтін жарнамаларды күндіз-түні көреді екен. Егер, нақты шара қолданбай, осы сарынмен жалғаса берсе, ғасыр соңына дейін 1 миллиард пенденің ажалы темекіден болатыны анық. Пайдасын темекі өнімдерінен көріп жүрген өндіріс орындар нарық аясын кеңейтуге,

дердің өмірі ұзақ болады» деген жазулардың көлемі 30 пайызға ұлғайтылды. Бұл халықаралық темекіге қарсы күрес жөніндегі конвенциясымен келісім жасағаннан соң жеткен өзгеріс. 2011 жылы 22 қараша күні ҚР Үкіметі темекі бұйымының қорабына шайырлы заттардың, никотиннің құрамы, олардың деңгейі және жүйелік улар, канцерогендік әрі мутагендік заттар туралы мәліметтер мен темекі шегудің зияны туралы ескертуді орналастыру ережелерін бекітті. Қорап сыртындағы жазулар көлемі 40 пайызға артты. Бұл ескерту темекіге тәуелді азаматтарымыздың көзіне іліге қояр ме екен.

ТЕМЕКІ ТҮТІНІСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Дегенмен, әлем тәжірибесі бойынша ең тиімді шара – экономикалық ықпал ету тәсілі. Яғни, темекі бұйымдарына мемлекеттік акциз мөлшерін арттыру. Еуропа елдерінде бір темекі қорабы құнының акциздік үлесі 80 пайызды құрайды. Украинада –

Темекі Еуропа мен Азияда 15 ғасырда, тіс ауырғанда қарсы дәрі ретінде қолданылған. 1492 жылы 12 қазанда Христофор Колумб белгісіз арал (қазіргі Америка) жағалауына тоқтағанда, арал тұрғындары күнге кептірілген өзара «петум» деп атайтын бүктеулі жапырақты қонақтарға ұсынады. Колумбтың екінші саяхатынан кейін темекі дәні алғаш Испанияға, содан әлемге жайылып кеткен. Темекінің кеңінен етек жайған себебі – оның адам ағзасына тәуелділік тудыратын қасиетінде.

Темекі – адам ағзасы үшін ойлап тапқан ең зиянды дүние болып табылады. Шылымның түтінінде 30-дан астам улы заттар бар. Темекінің 1-2 қорабында никотиннің адамды өлтіретін өлімдік мөлшері у болады. Никотин уын қабылдаған адамды өлімнен құтқаратын зиянды заттардың ағзаға бірден емес, біртіндеп енуі. Темекі түтініне ерекше иіс пен дәм беретін, адам зәрінің құрамына кіретін урина дейтін химиялық қоспа бар. Никотин – темекіде және басқа өсімдіктердің құрамын-

Қызықты деректер:



➤ 1518 жылы испаниялық саяхатшылар маялықтардың темекі жапырағын түтікше ішіне салып тұтатып, тартып отырғанын көреді де, олардан сұрап тартып көреді. Бұл ең алғашқы темекіні сұрап тарту болса керек.

➤ 1530 жылға жеткенде темекі Испанияда кең көлемде тарала бастаған.

➤ 1560 жылы Францияның Португалияда тұратын бас елшісі Ян Никотин темекіні Францияға әкеліп, ауру емдеуге қолданған. Және сол арқылы Франция ханымын емдеген. Никотиннің еңбегін қадірлеу үшін химия ғалымдары көк темекі құрамындағы улы затқа «Никотин» деп ат берген. Осыдан бастап көк темекі Францияда егіле бастады.

➤ 1575 жылы көк темекі Филиппин арқылы Қытайға кіре бастаған.

➤ 1595 жылы англиялық дәрігер «Темекі жөнінде жаңа көзқарас» деген мақала жазып, тұңғыш рет темекінің зияны туралы талдау жасаған. Бұл қоғамда үлкен дау тудырған.

➤ 1600 жылы көк темекі лауандамен (хош иісті өсімдік) араластырып, Лондондағы әйгілі шіркеулерде иісті тұтатқыш ретінде пайдаланған.

➤ 1612 жылы Лондонда темекі саудасы қыза бастады. Және Англияға он тонна темекі жапырағын жеткізген. Сол жылы Америкада темекі сынақ ретінде егіле бастады.

➤ 1616 жылдан 1627 жылға дейін көк темекі Қытай арқылы бүкіл Азияға тарала бастайды.

➤ 1639 жылы Қытайдың Мин дәуірінің патшасы жарлық түсіріп, темекіні шектеген. Және темекі тартқандарды өлім жазасына тартқан. Бұл темекі туралы тұңғыш заң еді.


➤ 1666 жылы Ұлыбританияда газеттерде темекі жарнамасы жариялана бастаған.

➤ 1799 жылы Наполеон Түркияға соғыс ашқанда, Анкараны қорғап жатқан бір топ әскер темекі түтікшесі жоқ болғандықтан, мылтық дәрісі қапталған қағазға темекі жапырағын орап тартқан. Бұл темекінің тұңғыш рет қағазға орап тартылуы еді.

➤ 1825 жылы швейцариялық ғалымдар темекі құрамын зерттеп, одан никотинді ажырату жолдарын қарастырған.

➤ 1881 жылы күніне 120 тал темекі қағазын орайтын машина патент құқығына ие болған. Бұдан бұрын темекі орау тек қолмен ғана жасалатын. 1900 жылға келгенде темекі маркасы 160-тан асып кеткен.

ТЕМЕКІ – АДАМЗАТ ҚАСІРЕТІ



Бүгінде қазақ ұлтының денсаулығын барынша тұншықтырып отырған бір дерт бар. Ол – никотинге тәуелділік. Бұл осы күнгі ғана емес, келешек ұрпағымыз үшін қауіпті қатер. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне жүгінсек, жер шарындағы халықтың 18 пайызы яғни, бір миллиард адам темекіге тәуелді. Ал, жылына бес жарым миллионға жуық адам темекі зардабынан туындаған аурулардан өмірін қияды екен. Қазақстан халықтарының 27 пайызы немесе еліміздің әрбір төртінші тұрғыны темекіге тәуелді. Әсіресе, жас балалардың темекі түтінінен зардап шегуі өкінішті. Олардың 12 пайызы 11 жаста, 5 пайызы 9 жаста шылым шегуді бастаған.

демек, азаматтарымыздың жаппай темекі тартуына мүдделі. ДДСҰ мамандарының айтуынша темекі өнімінің жарнамалары толық тоқтатылса, темекі тартатындар саны 16 пайыз төмендейтінін анықтаған.

ҚАТЕРЛІ ӘДЕТПЕН КҮРЕС

Қазіргі таңда барша ғалам жұртшылығы осы әлеуметтік қауіпті әдетпен қарсы күресуде. Әлемдік тәжірибеге сай бұл індетке қарсы күрес алдын алу мен экономикалық шараларды қолдану тәсілдері арқылы жүзеге асады. Алдын алу әдістерінің бірі – темекінің қорабына өнімнің зиянды екені жазылатын ескертулер. Австралияда темекі қораптарында өндірушінің фирмалық логотипі көрсетілмеген керісінше темекі тартушылар арасында таралатын аурулардың зардабы туралы жағымсыз суреттер берілген. Қазірдің өзінде Ұлыбритания, Канада, Үндістан, Жаңа Зеландия мен Норвегия сияқты елдер де нарыққа осындай өнімді енгізген. Еуропа елдері 2025 жылға дейін Еуроодақ темекіні саудадан мүлдем алып тастауды нысанаға алып отыр. Ресейде мектеп пен колледждерде темекі тартқан мұғалімдерге қомақты айыппұл салынады екен. Батыстың көптеген елдерінде қоғамдық орындарда шылым шегуге заң жүзінде тыйым берілген. Францияда осындай заң күшіне енгеннен кейін, кафе мен мейрамханалардың табыстары 10-15 пайызға кеміп, жүрек, қан тамырлары ауруынан өмірмен қош айтысатындар саны 15 пайызға азайыпты.

Ал, Қазақстан темекі індетімен қалай күресуде? 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап, қорап сыртындағы «Шылым шегу сіздің денсаулығыңызға зиянды», «темекі шекпейтін-

30, Ресейде – 23, Беларуста – 20 пайызды жуықты құрайды. Ал, Қазақстанда 13 пайызды құрап отыр. Шылымның бір қорап бағасы орта есеппен 1 литр сүттен арзан болып отыр екен. 2012 жылдың 20 маусымында «Темекі түтінісіз Қазақстан үшін» ұлттық коалициясы темекі өнімдеріне акциз мөлшерін 2013 жылы көтерген. 2013 жылдың сәуір айынан бастап үш концергенді, мутагенді және күшән, полоний 210, бензол және басқа улы заттар туралы мәліметтер орналастырып, темекі түтінінің улы құрамы жөнінде қазақстандықтарды көбірек хабарландыру мақсатында темекі қорабының сол қапталына мәтіндер мен суреттер жарияланды. Ал, темекі акциздерінің төмен болуы өндірушілер үшін өте тиімді. Темекі нарығында жұмыс жасап жатқан компаниялардың көбісі шетелдік. Демек, Қазақстандағы темекі компаниялары тапқан табыстарының 80-90 пайызы елден өзге елдерге ұшып кетеді деген сөз. Бұның да пайдасын шетелдік алпауыт компаниялар көруде.

ЗАҢ ЖҮЗІНДЕ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ҚАУІПТІ ӨНІМ

Темекі – адам өліміне себеп болса да, тұтынуға рұқсат етілуі заңдастырылған жалғыз қауіпті өнім. Темекінің құрсауында қалғандардың үштен бірі, кейде тіпті, тең жартысы ажалынан 15 жыл бұрын жан тәсілім етеді. ДДСҰ өкілдері жер шарында 10-24 жас аралығындағы 1,8 миллиард жастардың шылым шегетінін хабарлайды. Бұл көрсеткіштің жылдан-жылға кемімей, арта түсуінің өзі өкінішті-ақ. Тәулігіне 10-12 шылым тартатындар жылдық уақыт өлшеммен есептегенде, темекіге 24 күнін жұмсайтын көрінеді.

да болатын алкалоид шылым шеккен кезде ағзаға бірден сіңіп кетеді. Өз кезегінде бұл химиялық элемент жүйке жүйесіне қоздыру әсерін беретін, мүшелердің салдану қауіпін тудыратын у.

ТЕМЕКІНІ СЕРІК ЕТКЕНДЕР

Астана қаласы Жастар саясатын қолдау мемлекеттік қорының мәліметін ескерсек, дамыған елдерде әйелдердің 40-50 пайызы шылым шегетін көрінеді. Темекіні серік еткен әйелдердің балалары әлсіз, бойы аласа, бас сүйегінің көлемі кіші, салмағы кем болып туылады. Көбіне бұл балалар 9-10 жасына дейін құрбыларын физиологиялық және интеллектуалдық дамуы, мектептегі үлгерімі төмен болуы жағынан артта қалып жатады екен. Еліміздің ер азаматтары арасында шылым шегетіндері 65,3 пайызды құрап, ТМД елдері арасында алғашқы орындардан көрінудеміз. Қазақстанда 12 жастан үлкен 9,8 пайызы әйелдер темекі шегеді, әсіресе, 20-29 және 40-49 жастардағы әйелдерге темекі шегу деңгейі ең жоғары. Яғни, ана болу қабілеті артып тұрған жас ерекшелігіндегі әйелдердің көпшілігі темекіге тәуелді.

Түйін сөз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдеуінше, әлемдегі 2 миллиард жас өспірімдер темекінің түтінімен уланған. Ал Қазақстан халқының 5 миллионы шылым шегеді. 600 мыңнан астамы қыз-келіншектер болса, 140 мыңы – 13-15 жас аралығындағы жеткіншектер. Қазақстандықтардың басым бөлігі жиырмага толмай жатып, темекінің дәмін татады екен. Өкініштісі, елімізді жылына – 25 мың, күніне 70 адам шылымның кесірінен туындаған дерттерден көз жұмады екен.

Жанар ӘБДИҚАЛИҚЫЗЫ

МЕН САҒАН ӨКПЕЛЕМЕЙМІН

**Бұйырмай кеткен қайран қыраным-ау...
Қимаста кеткен Қайсарым-ау... Бұл құр-
бымның келешегінен күдер үзгені емес,
бұл тек қана қарс айрылған көңіл
күңделігінің құлазыған парағынан
парлаған жүрек жасы еді.**

Қас қарайып, тіршілік толастаған-ға дейін есікке тіреліп босағамда баз кешіп отырды. Жұрт жиылып, жастықтарын жастанған сәтте ғана Марал орнынан түрегеліп, үйге ентеледі. «Мен сені жылатуға да, жұбатуға да тиіс емеспін, Марал! Қайсардың кімге үйленетінін де біледі екенмін, ендеше ештеңе айтпастан мұң мәнерлеген махаббатыңнан айығып ал. Мен қашан да рухани қолдаушыңмын ғой, кез-келген сәтте жаныңнан табыламын», – дедім.

Менің де көңілім көлдей көлбектеп, Айханымның бұл қылығына, тіпті қылығы емес қой, бұл қастандығына қайранмын, жоқ қайран да емес шығармын, қалтарып қалдым, қасқыр екеш қасқырдың өзі қандасына қас қылмаушы еді, ендеше етбауырлы әпкесі неге сіңлісінің сай-сүйегін осылайша сыздатты? Қайсар мен Айханымның жарты жылдан бері жасырын кездесіп жүргендерін есіткен соң, Маралмен адам көрінісі қоштасқан. Манағы мұңды жанардың жасы тыйылып, ащы жастан ойыла жаздап тұрған оймақ көздер енді маған қарай ойысты. Мен ол көзқарасқа тынышсыз тыпыршып қалдым. Жа-

нымның жібі үзілдердей құрбыма ішіп ашып, оны қапсыра құшақтай алдым. «Маралжан, егер еңсенді түсірген жағдаятпен бөлісем десең, тыңдауға әзірмін, ал егер үнсіз қала берсең, мен де сені үнсіз түсінуге бармын. Өмір деген өткінші, ал оның шеңберінде болмашы нәрселер шыр айналып жатады, бірақ бәрі уақыттың керуеніне ілесіп кете барады, сондықтан», – дей бергенімде Марал мығым үнмен сыр шерте бастады. Қайсар менің жердегі жұлдызымдай еді, онымен үнемі жарқырап жүремін дегенмін. Ол: «Менің қанатымдай еді, енді құздан құлаған құстаймын. Қиын маған, қиналып жатырмын. Жігіт болғасын жеңілетек қимылдарға жақын тұратыны шын шығар, бірақ Айханым ше, айым боп толған, күнімдей болған Айханымым ше...», – деп діріл басқан дауысы көл жасының дабырына ұласты тағы да.

Соңғы кезде Қайсардың маған қырын қарап жүргенін байқасам да, еш мойындамай келдім. Бәрін уақытқа тапсырдым. Осыдан бір апта бұрын менің қатты науқастанып қалғанмын, есінде ме, сен ол күні қалаға кеткен едің. Өне бойымды өңмен күй көрнеп, әлсіздігіме әзер шыдап жатқанымда көзіме Қайсар оттай басылды. Маған жіберген жанары жалынсыз еді... Мен оған қолымды ұсынып қысып ұстадым, осы сәт оның қипалақтап қалғанын көрдім. Сөйтсем, ар жағында Айханым тұр екен, Қайсар-

дың бұл қылығын әпкемнің оқыс түрде жанымыздан табылғанынан көрдім де, аялы алақанымнан Қайсарымның қолдарын босаттым, бұнымды көрген әпкем теріс айналып кетті. Менің қисапсыз қиналып жатқанымды Қайсар сезді ме, білмеймін, жүдеу тартқан жүзіме жайылған ыстық жасыма мұздай қолдарымен қалтарыс берді. Мені желқайықтай шыр айналдырып, жанымдағы дертке жеңілдік сыйлағаны да Қайсарымның осы әрекеті еді. Қуанышымның беренінде балқыған бақытымда шек жоқ еді, бірақ... бақытты ұнамды ұларымның көздерінен көре алмадым... Ол іштей тынған сайын, менің де шыдамым шыңырауға жеткендей болды. Тұла бойымды тұмшалап тұрған тірліксіз дерт дес бермей қинады. Осы мезетте меңіреу мәнсіздікпен жалынышты жанарымды жібердім. Қайсар болса нық дауыспен: «Қол-аяғым байлаулы, сен маған өкпелеме» – деп дүрсе қойды да, жүрегімді қан қақсатып қалдыра берді. Төрт қабырғада телміріп, қымтарылған қасіретіме қандыққандай болып, жаныма Айханым келді. Менің онсыз да мәз емес ахуалыма адамдық танытса болатын еді ғой, әттең... әпкем олай жасамады. Түпсіз қараңғылықты қанжығасына тыққан тереземнің жақтауын ұрғылап: «Қайсар енді ешқашан келмейді» – деп дабыра салды. «Айхан, Қайсар саған солай айтты ма, не деп кетті, айтшы... Соншалықты аңқау болмашы», – деді әпкем зілді кекесінмен.

«Айхан, түсіндіріп айтшы енді, оның басқа біреуі бар ма, көрдің бе? Міне Марал, ақиқатымды ащы дерсің, бірақ шындығы осы, басқаша болуы мүмкін емес», – деді шаттана күліп. Айханжан, өтінемін, күлмеші, олай етпеші, Қайсарды менен басқа ешкімге қимаушы едің ғой, енді не өзгерді? Білесің бе, бақытымды таптым. Бақыттымын., Марал! Әпке-ау, менің бақытсыздығым сені бақытты етуі мүмкін емес қой, соңыңнан ерген еркеңе бауырыңды бұршы, әпке. Қайсардың бұл қылығына ренжімеші, ол қайтып келеді, келмей қайда барсын, бес жыл бастан кешірген бақытты тарихымыз тұрғанда, басқаша болуы мүмкін емес қой, сен оны кешірсің, сен оған ренжімеші, Айхан. Осы кезде орнынан осылып тұрып Айхан маған бар шындықты шыңына шығарып бүкпесіз жайды. Қайсарды ешқашан күйеубала етіп қабылдамағанын, онымен алты ай шамасында «бал күндерді» өткізгенін өткірлеп айтты. «Опасыздар, опық жегіздіңдер, орнымды неге саған беру керек екенмін, мен оны сүйемін, әу бастан менің Қайсарым еді ғой», – деппін дегбірім қашып. Сол сәтте Айхан Қайсармен шаңырақ шаттығын құратынын айтты, бұл сөзін құр көрсем де, енді ет-бауырым езіліп есіркеу халдемін. Екі жұмадан соң, Айханым мен. деп жылап жіберді, той жайында айтып тұрғаны айдан анық еді.

**Эльмира АБЕТЖАНОВА
(Жалғасы бар)**

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Қадірменді оқырман қауым!

Заманның, дүниенің, халықтың тынысы бұл ақынның өр рухты өлеңдерінен айқындалары анық. Газетіміздің бүгінгі санын халқының қамын жеген, ойларын жалынды жырларының бетіне маржандай төге білген Мадина Айымгүлдің ақындық әлеміне арнадық. Мадина 1994 жылы Павлодар қаласында дүниеге келген. 2011 жылы №25 жалпы орта білім беру мектебін тамамдаған. Қазіргі таңда студент.

Мадинаның жетістіктері:

Аудандық «Абай оқуларының» III-орын иегері (2010)
Облыстық, аудандық «Шәкәрім» оқуларының жүлдегері (2009-2011ж.)
«Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасының II-орын иегері (2009 жыл)
3. Шашкин романдары бойынша өткізілген викторинаның III-орын иегері
М. Өлімбаевтің шәкіртақысының иегері
Облыстық «Махамбет оқуларының» бас жүлдесі иегері
Қалалық, облыстық «М.Мақатаев оқуларының» жүлдегері
Өмірлік ұстанымы: «Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен»
Сүйікті ақындары: Абай Құнанбаев, Мұқағали Мақатаев
Сүйікті айтыскер ақыны: Айнұр Тұрсынбаева



Мұңмен сырласу

Жалғаннан жалықтым, мен тағы шаршадым,
Салады бұл тағдыр жолыма қанша мұң?
Арпалыс өмірмен тағы да алысып,
Үнсізде сабырмен демімді аламын...
Қаламын қиында жолыма ермегім,
Жазам деп бір өлең тағы да терледім,
Санамды сарылтқан жалынды ойлардың,
Біреуін тіпті де өлеңге термедім...
Қаламын қолымда... Биікке сермедім
Ақысын жүректің өзгеге бермедім,
Кетпейсің жадымнан сен неге жанарым,
Сен берген бақытты өзгеден көрмедім.
Не пайда өзіңсіз бұл сүрген өмірден,
Тең бе деп ойлаймын бұл өмір өліммен,
Махаббат неге сен соншалық қиынсың,
Сезімім жатыр ғой жанарда көмілген.
Махаббат неге сен соншалық қиынсың,
Бақытты болсын да, кезінде қиылсын.
Жыласын, қайтеді бейкүнә жас жүрек
Аллаһтан сұрасын, Аллаһқа сыйынсын.
Шара не сезімім жыласын, құласын,
Кейіпің мәңгілік, жадымда тұрасың,
Бәлкім сен жанарым кешігіп келерсің,
Тұншығып жыларсың, тынарысың!

Қазақ неге...

Сезбедім әлден төнерін мұндай азаптың,
Басыңа төнді қазағым бүгін азап күн
Мен қазақпын деп кеуденді керіп жүрсең де
Сезбедің қазақ төнгенін тілге тозақтың.
Қазақсың ба? Қазақтығыңды мойында,
Болмасыншы арақ-шарап тойыңда.
Мұсылмандық ізгі үні жүректе
Жаратқаным болсын әркез ойыңда.
Қазақсың ба, өз ұлтыңа жақын бол,
Халықыңның сөзін сөйлер ақын бол.
Өзгелердің қасиетін мойында,
Кір келтірмес қазақ деген атыңа ол.
Қазақсың ба, қалма қазақ жайыңа,
Қалмасыншы бұл қасірет жайына.
Тіліміз бен дінімізге мығым боп,
Алайықшы туған тілді, жатан тілден айыра.
Мен қазақпын! Тасып жатыр байлығым...
Малы көптер саналмайды бай бүгін,
Қайран қазақ... Қазақ тілін мойында
Кешіре гөр болса алдында айыбым...
Қазақ неге көзің соқыр бұл күнде,
Қасіретке жақынсың сен бүгін де.
Зағиптардың нұр көрмесе жанары,
Аллаһ сақта көрер күннен түбінде...
Қазақ неге, қазағыңнан қашықсың,
Өзге тілге есің кете ғашықсың,
Қас жауыңа тілемейтін тозаққа,
Қазақ үшін бүгін есік ашыпсың.

Сенің ғана...

Сенің, жаным, мұң толғанда кеудеңе,
Нұр сыйлайтын күнің болғым келеді.
Тылсым ғұмыр жаяр көкке қанатын,
Шабыт берер түнің болғым келеді.
Сенің ғана құлағыңа жағатын,
Таңжайып жырың болғым келеді.
Сені ғана жетелейтін арманға
Жүзіндегі нұрың болғым келеді.
Өзгелерге таңсаріде қатпайтын,
Жүрегіңде сырың болғым келеді.
Басқалардай шетте бекер жатпайтын,
Сенің ғана қызың болғым келеді.
Өзгелерге тыңдатпайтын ешқашан,
Сенің ғана сазың болғым келеді.
Ұмытылмас өміріңде, ерқашан,
Күлімсірер жазың болғым келеді.
Жүрегіңді құлыптап ап ешкімге,
Ашқызбайтын, «жаның» болғым келеді.
Биіктерге жетелейтін өзінді,
Басыңдағы бағың болғым келеді.
Қас қағым сәт қысқа мына өмірде,
Ең бақытты шағың болғым келеді...

Келеді жылағым...

Жаратты жаратқан, керегім – ес беріп,
Пенделік сезімді жүректе ескеріп.
Алланың адамды жаратқан мақсұдын,
Қазағым, халықым әлі де шешпедік.
Жүрміз біз бұл таңда байлықты армандап,
Жұмақтың төрі де жоқ асқақ арманда.
Күн туар мұсылман бауырым түсінер,
Туғанын не үшін бес күндік жалғанға.
Ажал кеп әктер сәттері туғанда,
Ақыл да кіреді тірліктік санаға.
Біреуге ерте де, біреуге иман кеш,
Біреуге келеді шығарда жаназа.
Бес күндік тірлікті иманға сарп етіп,
Құранның жолымен тыныстап, күн кешіп.
Алланың құлы боп, Пайғамбар үмметі.
Сүруге бес күндік ғұмырды не жетсін?
Тірлікте жасадың, күтіп тұр мазарың,
Жамандар болатын шайтанның мазағы.
Ғибадат қылмаған пенденің қабірде –
Күтіп тұр азабы.
Істеген амалың, көрсеткен көмегің,
Ақыретте болады таразы жеңбегің.
Ишараң не болса бес күндік өмірде –
Ақыретте сол амал болады керегің.

«СИҚЫРЛЫ МҰХИТ» ЛАГЕРІНІН КҮНДЕЛІГІ

Шуағын шашып жаз келді. Жаз мезгілі – балалардың сабақтан басын бір сәт алып, асыр салып, ойын қуар шағы. Мектепте білім нәрімен сусындап жүрген бүлдіршіндер жылдың осы бір сәтін асыға күтетіні сөзсіз. Ұстаз тапсырмасын орындамай, оқулық бетін ашпай алаңсыз үш ай арқаны кеңге салып демалғанға не жетсін, шіркін! Бұл – кез келген оқушы арманы емей, немене?!



Әр жыл сайын жазғы демалыс кездерінде жалпы білім беру мектептерінде мектеп оқушыларының жазғы демалысын пайдалы да қызықты өткізу мақсатында бейінді әрі сауықтыру лагерлері ұйымдастырылады. Дәл осындай лагерь Павлодар қаласының №35 жалпы білім беру мектебінде де жұмыс жасайды. Былғы жылғы лагерь «Сиқырлы мұхит» тақырыбының аясында өтеді деп көзделуде. Лагерь басшысы, №35 ЖББМ бастауыш сынып мұғалімі Камал Жаркинаның айтуынша лагерьде тәрбиелік

мәні бар, балалардың қабілет-қарымын ашатын шаралар өткізілетін болады. «Сиқырлы мұхит» сауықтыру лагеріне 1 маусымда жалпы 185 оқушы, оның 60-ы әлеуметі төмен отбасы балалары, ал екінші маусымда 120 оқушы, әлеуметі төмен отбасыларынан 60 балалар қамтылады деп жоспарланды, – деп мәлімдеді Камал Қабдоллақызы.

№35 ЖББМ жанындағы «Сиқырлы мұхит» сауықтыру лагері екі маусыммен жұмыс істейді. Бірінші маусым 2 маусым мен 20 маусым аралы-

ғына дейін, екінші маусым 23 маусымнан 11 шілдеге дейін балаларға қызмет етеді. Жазғы лагерьде «Алтын балықтар», «Медузалар», «Маржандар», «Жұлдыздар», «Дельфиндер», «Білімпаздар» атты алты жасақ құрылады. Жасақтар арасында көңілді викториналар, жалынды жарыстар, өткір пікір-таластар өтетін болады. Лагерь жұмысының басталуына аз күн қалды. Ұйымдастырушылардың айтуынша дайындық жұмыстары қызу түрде жүрде.

Мектептегі жазғы сауықтыру лагеріне балалардың аса қызығушылықпен келіп, уақыттарын көңілді де, қызықты өткізетініне лагерь ұйымдастырушылары мен ата-аналар сенімді. Жазғы лагерьде ұйымдастырылатын түрлі іс-шаралар балалардың танымы мен білімін ұштауға, денсаулығын шынықтыруға бағытталатын болады. Атап айтсақ, «Лагерь жұлдызы», «Мен өнерлі баламын», «Күлкі көңіл ажары», «Шынықсаң шымыр боласың», «Салауатты өмір салтын сақтаймыз», «Алға ұмтыл, Жасұлан» сынды қызықты эстафеталық жарыстар

мен шығармашылық сайыстар өткізілетін болады. Балаларды салауатты өмір салтына баулу үшін «Нептун» науызында жатығу да жоспарда бар.

Сондай-ақ балалардың Отанға, жерге, елге деген сүйіспеншіліктерін дарыту мақсатында «Павлодар кеше, бүгін», «Рәмізіммен мақтанамын», «Менің өлкем» атты шаралар ұйымдастырылады. Ұлттық құндылықтарын бала бойына сіңіруді де лагерьді ұйымдастырушылары қолына мықтап алыпты. Қазақ салт-дәстүрлерін насихаттайтын байқауларда бағын сынап, ұлттық ойындар ойнап, бүлдіршіндеріміздің ұлттық дүниетанымын кеңейту мақсатын арқалаған шаралар да лагерь өміріне ажар бере түседі. Сонымен қатар, балдырғандар қаламыздың көзартар көрікті жерлеріне саяхатқа шығып, мәдени ошақтарға топсеруендер мен таным жорықтарға аттанатын болады. Мәселен, балалар Ж. Аймауытов қазақ музыка драма театрында қойылатын ертегілерді, Ш.Айманов кинотеатрына қызықты мультфильмдер тамашалауға

барады деп көзделуде. Және де балапандар Г. Потанин атындағы Павлодар облыстық өлкетану музейіне, М. Шамсудинова атындағы мұражайына танымдық жорықтар жасайды.

Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді қамту мақсатында жол тартқан айтулы жоба оқушылардың дарынын ашып, талантын ұштауда, дамытуда зор маңызға ие. Редакция тарапынан лагерь жұмысына табыстар тілейміз. № 35 жалпы білім беру мектебі жанындағы «Сиқырлы мұхит» жазғы сауықтыру лагерінің алдағы жұмысы біздің назарымызда болады. Құрметті Оқырман, лагерьдің көңілді де шуақты күндерінен келесі санда хабардар боласыздар.

«Сиқырлы мұхит» жазғы сауықтыру лагерінде жазғы демалыс күндерін шуақты да танымды, көңілді де пайдалы, қызықты да белсенді өткізгісі келген бүлдіршіндерімізді құшақ жая қарсы аламыз. Бізге қосыл балақай!

Өз тілшіміз



АЙЫҢ ТУСЫН ОҢЫҢНАН



Мамыр қандай ай?

Күнтізбедегі осынау ай аты, яғни мамыр тоқшылық, семіру ұғымын білдіреді. Біз барлық малдың баласын төл деп атасақ, барлық құстардың балапандарының атауы – мамыр. «Ай аты осы сөзден шыққан» деген де пікірлер бар. Мұны ғалым, профессор С.Аманжолов та қостап, жазған-ды.

Мамырдағы ауа райы: күн жылиды, жер бусанады, өсімдіктер құлпырады, мал төлдейді. Құстар ұя салып, балапанын өрбітеді. Мамырда солтүстік аймақтарда

көктемгі егіс-дала жұмыстары қызады. Мал өріске шығып, қой қырку, жылқы күзеу, түйе жүндеу басталып, бие байланады, қымызмұрындық дәстүрі тойланады.

Қызыр қамшысы. Сәуірдің ортасынан күн күркіреп, найзағай ойнайды, жаңбыр жауады. Сол кезді осылай деп атайды.

Тобылғы жарған. Сәуірдің соңында 2-3 күнге созылған суық жел соғады, бұл тобылғының бұр жарғанының белгісі.

Қызыл жұмыртқа. Мамыр айының алғашқы онкүндігінде дала құстарының балапанын жұмыртқадан шығаруы осылай деп аталады. Сонда 1-2 күнге созылатын суық болады.

Құралайдың салқыны. Бұл кезде, яғни, мамырдың соңында болатын суық желде киіктер төлдерін (құралайын) өргізеді.

Мамырда туғандар: өнер қайраткері С. Қожамқұлов (5.05.1896), әнші К.Байсейітова (2.05.1912).

Мест

Зейін сынауың жауабы



Біріс сәт бұрын жарияланған «Зейініңді сынап көр» атты жазбадағы сұрақтардың жауабы.


Бірінші сұрақтың жауабы: Диқан алдымен үш жерді қоршап, әр жерге үш бас бұзаудан қамап, артынан осы үш жерді сыртынан тағы бір рет қоршаса, төрт орынды

қоршаумен тең болады, әрі, солай істегенде ғана әр орынға қамалған бұзау саны үш болып, тақ сан болады.

Екінші сұрақтың жауабы: Бақа шырша ағашына жеткенше тұп-тура жеті рет секіреді, ал шегіртке бес секіргенде бақадан бір метр асады. Шегіртке қанша ұзақ секіргенімен бақаға жетпейді. Сондықтан, бақа жеңеді.

Үшінші сұрақтың жауабы: А – 2, В – 1, С – 3, D – 4, Е – 4

Төртінші сұрақтың жауабы:



МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: М. Амантай,
Ә. Абетжанова, М. Сағидолла.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан,
А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 1162